

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНІҢ
«БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ

«NEGESH INTERNATIONAL» МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ІС БАСҚАРМАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «ҚАРЛЫҒАШ» БАЛАБАҚШАСЫ» РММ

«ABADAN» БАЛАБАҚШАСЫ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ПРОЦЕСІНДЕ ДАҒДЫЛАРДЫ КІРІКТІРУ: МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
13 маусым 2025 жыл*

ИНТЕГРАЦИЯ НАВЫКОВ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЕ РЕЧИ ДОШКОЛЬНИКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОГО ОБЩЕСТВА: ПРОБЛЕМЫ, РЕШЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Материалы международной научно-практической конференции
13 июня 2025 года*

Астана, 2025

Редакция құрамы:

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – п.ғ.д., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Жумабекова Фатима Ниязбековна - п.ғ.к., профессор, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Сағалиева Жанар Каукербековна– п.ғ.к., доцент, ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты, ғылыми қызметкер

Адамова Манара Елекенқызы – п.ғ.м., ҚР Оқу –ағарту министрлігі, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің басшысы

Ерманова Мария Наятқызы – п.ғ.м., ҚР оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры

Тезекова Орынтай – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 3-курс Phd докторанты, Педагогика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

УДК 373.2
ББК 74.100
Ц42

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтары»: - Астана, «Бика» баспасы, 2025.- 516 б.

ISBN 978-601-7075-63-7

«Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жинағында (AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері»" гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында) мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың өзекті мәселелері бойынша ғалымдардың, магистранттар, докторанттар, жас ғалымдар, практиктердің ғылыми және практикалық тәжірибелеріне байланысты мақалалары жинақталған.

© «Бика» баспасы Астана, 2025

Сөйлеудің дамуын оны қоршаған әлем туралы білімнің кеңейуімен байланыстыру арқылы ынталандыруға болады. Мысалы, "жануарлар" тақырыбын зерттеу кезінде олардың сипаттамасына байланысты сөйлеу ойындарын қолдануға болады және бұл білімді сөздік қорын да, сөйлемдердің грамматикалық құрылымын да ынталандыратын иллюстрациялармен салыстыруға болады.

2. Сөйлеуді дамыту және ойнау:

Ойын-сөйлеуді дамытудың табиғи құралы. Балалар әртүрлі жағдайлар мен рөлдерге еліктейтін рөлдік ойындар қарым-қатынас дағдыларын ғана емес, сонымен қатар үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру және өз ойларын жеткізе білу сияқты сөйлеу дағдыларын дамытады.

3. Сөйлеуді дамыту және шығармашылық:

Бейнелеу және әдеби шығармашылық, ән айту және би де сөйлеуді дамытуға ықпал етеді. Мысалы, кезінде көктемгі орман туралы сурет салу, балалар біртұтас сөйлеуді қалыптастыру және сөздік қорын кеңейту арқылы өз әсерлерін сипаттай алады.

4. Сөйлеуді дамыту және байланыс:

Басқа адамдармен, құрдастарымен де, ересектермен де қарым-қатынас жасау сөйлеуді дамытудың маңызды факторы болып табылады. Әңгімелер, сұрақтар мен жауаптар, бірлескен сабақтар диалогтық сөйлеуді және басқаларды тыңдау және түсінуге қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Қорытынды. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуда танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларды кіріктіру сәтті дамытудың негізгі факторы болып табылады. Дамудың әртүрлі дағдыларын кіріктіруге негізделген тәсіл сөйлеу дағдыларын тәрбиелеу мен оқытуда ең тиімді және қызықты ортаны құруға мүмкіндік береді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің қаулысы). – Астана, 28.03.2023 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2024 жылы қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауы (02.09.2024 ж.) <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, (ҚР оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. №348 бұйрығы); http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/PRIKAZY/GOS_DVO_030822_348_kaz.pdf
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазанындағы №422 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы.. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2024
6. Баймұратова Б. «Тіл дамыту». – Алматы., Оқу құралы, 2011ж
7. Метербаева К.М., Исакова А. Мектеп жасына дейінгі балалардың тіліне дамыту әдістемесі Оқу құралы. – Астана, «Фолиант» баспасы, - 2017.-184 бет.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДА ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

Атемова Қалипа Тұрсынқызы

Профессор, п.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан, Kalipa_atemova@mail.ru

Аңдатпа. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытуда отбасының алатын орны ерекше. Мақалада отбасындағы тәрбие мен қарым-қатынастағы олқылықтар сипаттала отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің дамуына кедергі болатын себептер және оның алдын

алу шаралары туралы ақпараттар ұсынылады. Қазақтың зиялы ғалымдары мен ғұламалары мұраларындағы тәрбие тұжырымдары негізінде баланың тілінің дамуы тұтас тәрбиесін ұйымдастыру ерекшелігімен байланыста баяндалады.. Мақалада ата-аналар үшін отбасы тәрбиесі жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға байланысты ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: Отбасы, мектепке дейінгі жастағы балалар, ата-ана, тәрбие, даму.

Ұрпақ тәрбиесінің бастау көзі мен негізі отбасы екендігі бәрімізге белгілі. Әйтсе де, қоғамның бүгінгі қарқынды дамуы ата-аналарды отбасындағы басты міндеттерінен көрі қоғамдық және қызметтік міндеттерін басты назарға алып, бала тәрбиесіне уақыт қалдармауы қоғамдағы көптеген келеңсіз жағдайлардың болуына алып келуде. Олар балалардың мәдениеті мен тәртібіндегі олқылықтар, денсаулығы мен дамуындағы олқылықтар, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары мен болашаққа бардарларындағы олқылықтар. Шындығында ұрпақ тәрбиесінің негізі осы мектепке дейінгі жаста қаланатынын ескерер болсақ, отбасы тәрбиесін қолға алу қаншалықты маңызды екендігін түсінер едік. Осы тұста кеңес педагогтары: «Сіз бес жасқа дейін өзіңіз еккен ағаштың гүлін өсірумен шұғылданасыз, ал бес жастан кейін жемісін жеп бастайсыз», - деген болатын»[1]. Шындығында ата-аналар көбінесе баланың қиқар мінезі мен қыңырлығын оның балалығы немесе еркелігі деп түсінеміз. Әйтсе де, ол оның бес жасқа дейінгі алған тәрбиесінің жемісі немесе салдары екенін мойындай бермейміз. Сөйтіп, «әлі бала ғой, өсе келе қояды» деп өзімізді жұбатамыз. Бұл тұжырымды ата - бабаларымыз да: «Бес жасқа дейін балаңды патшаңдай күт, бес жастан он үшке дейін құлыңдай жұмса, он үштен кейін құрдасыңдай сырлас», - деп текке айтпаған[2]. Бұл екі тұжырымнан да байқайтынымыз баланың бес жасқа дейінгі кезеңі оның азаматтық тұлғасының қалыптасуының өзегі әрі негізі екендігін көреміз. Сондықтан, отбасындағы бала тәрбиесін дұрыс ұйымдастырудың бала болашағы үшін маңызы үлкен.

Мақалада отбасы тәрбиесі жағдайында баланың бес жасқа дейінгі кезеңінде оның тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері, соның ішінде бала тілінің дамуы қарастырылады. Бүгінгі мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында ерекшеліктер айтарлықтай. Балалар кеш сөйлейді немесе анық емес, түсініксіз сөйлейді. Ойларын жас шамасына лайықты жеткізу мен қарым-қатынаста да кешеуілдік жиі байқалады. Ата-аналар отбасы тәрбиесі жағдайында өз балаларын тәрбиелеуде бірқатар қиыншылықтарға тап болуда. Бүгінгі балаларға тән қиыншылықтардың *бірі* – олардың телефонға ерте тәуелді болуы. Соның салдарынан бала қарым-қатынаста пассивті болып, сөйлемейді, тек тыңдайды және көреді. Мұндай жағдайдың орын алуына ата-аналардың да кінәсі бар. Балалардың шектен тыс белсенділігі мен агрессивті әрекетін игере алмаған жағдайда оны алдандыру мақсатында телефон беру мәселеден шығудың уақытша жолы деп ойлайды. Бірақ, өкінішке орай бала біртіндеп телефонға тәуелді бола бастайтынын ойламайды.

Екіншіден, ата-ана мен бала арасындағы байланыстың яғни қарым-қатынастың жетіспеушілігі немесе тым шектен тыс қамқорлықтың болуы. Бүгінде кез-келген отбасында, тіптен жас отбасыларының өзінде бала үшін барлық қажеттіліктер қолжетімді. Соған қарамастан, бала тәрбиесін ұйымдастырудағы олқылықтар, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін ескермеу кері нәтижеге алып келеді. Осы тұста тағы да кеңес педагогтары: «Бала отбасындағы мейірімділіктің аздығынан ғана зардап шекпейді, оның ұшан теңіз молдығынан да зардап шегеді», - деген тұжырымды ойы негіз болады[3]. Өйткені, отбасында ата-аналарынан немесе ондағы ересектерден мейірімділікті жеткілікті дәрежеде көріп, сезіне алмаған балада жасықтық, ұяңдық немесе ұялшақтық, тартыншақтық, өзіне деген сенімсіздік пен өзін төмен бағалаушылық секілді сипаттар көрініс беретін болады. Ал, мейірімділікті тым кешткен тыс молынан алған балада үнемі бетін қайтармаған сұраныс пен ысырапшылдық, тәкаппарлық пен өзін жоғары санаушылық, еркелік, эгоизм, агрессивтілік пен шектен тыс батылдық секілді теріс сипаттар көрініс беретін болады. Сондықтан, ата-бабаларымыз айтып кеткендей «Балаңды аясаң, оны аяма» деген тұжырымын да ұмытпағанымыз жөн болар. Шындығында, бала материалдық қажеттіліктен көрі, рухани азыққа мұқтаж келеді. Ата-анасымен байланыса отырып, тіл табысу, пікір алмасу, сөздік қарым-қатынасқа түсу секілді әрекеттер бала тілі мен көзқарасының дамуына әсер етеді.

Үшіншіден, өз балаларын өзгенің тәрбиесіне беруі. Күтуші жалдау арқылы баланы өзге адамдардың бағып-қағуы оларды ата-аналарынан біртіндеп алшақтатып, өзара түсіністік пен қарым-қатынастықта белгілі бір келеңсіздікке алып келуі мүмкін. Ата-ананың міндеттерін күтуші орындауы арқылы күтпеген салдарларға алып келуі мүмкін.

Мектепке дейінгі балалардың тәрбиесін ұйымдастыруда, соның ішінде олардың тілін дамытуда ата-аналардың педагогикалық-психологиялық сауаттылығын жетілдіру, балабақша мамандары мен тәрбиешілері тарапынан кеңес беру-ағарту жұмыстарын жүйелі, сатылы, кезеңді жүргізіп отыру маңызды. Отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда олардың жас ерекшеліктеріне сай тәрбие әдістерінің де ерекшеліктерін ата-аналардың білгені абзал. Себебі, салауатты отбасында ғана салауатты ұрпақ тәрбиеленетінін ескерсек, тәрбиені ең алдымен ата-аналар өздерінен бастағаны дұрыс. Бала естігенін емес, көргенін қайталайды және жасайды. Осы тұста қазақ зиялыларының бірі Мағжан Жұмабаевтың бала табиғатына байланысты айтқан тамаша ұсыныстарын ескеру маңызды. Ол өзінің «Педагогика» атты кітабында былай дейді: «Бала тәрбиесінде олардың табиғатын ескеру керек. Олардың табиғаты екі аспектіден тұрады: біріншіден, бала еліктемпаз болатындықтан оның айналасында тек жағымды әрекеттер мен көріністер болуы тиіс; ал екіншіден, бала тынымсыз әрекетте болатындықтан, оларға тыныш отыр, жүгірме, шұлама, қозғалма... деген секілді тыйымдарды қолданбау керек», - деп айта отырып, мектеп жасына дейінгі және бастауышта оқитын баланы өзінің табиғатына тән нәрселерден тыймай тәрбиелеу керек екендігін айтады[4].

Бала табиғаты шұлау мен жүгіруді, сөйлеу мен сұрақ қоюды қалайды деп шектен тыс еркіне де жіберу дұрыс емес. Осы тұста түріктің ұлы құраламасы әл-фарабидің трактаттарында баланы тәрбиелеуде «тең орта шамасын ұстау» әдісін тиімді деп біледі. Онда ғұлама тәрбиешілер мен ата - аналарға балаларды тәрбиелегенде мінез - құлықтағы орта шаманы, яғни қалыпты жағдайды табу туралы кеңестер береді. "Тең орта" шаманы табу алғаш қарағанда өте қиын болғандықтан, адам өзінің мінез - құлқын бір қалыпқа келтіруге мүмкіндігінше жақындатуға бағытталған амалдарды пайдалану қажеттігін ұсынады. Мысалы, тәнді орташа жылылықта ұстау қиын, бұл үшін тәнді сондай жылылыққа жеткізуге мүмкін болғанша жағдай жасайтын амалдар пайдаланылады: мінез - құлықтың орташа шамасына жету үшін қолданылатын амалдар өзімізде дағдыға айналған мінез - құлықты қарастыру болып табылады, егер мінез - құлқымызға тән нәрсе артық кету болса, жетімсіз болудан түсетін әрекеттерге баулимыз, егер мінез - құлқымызға жетімсіздік тән болса, онда өзімізді артық кетуге сәйкес әрекеттерге баулимыз. Сонан соң, біз өзімізге қандай мінез - құлық қалыптасып шыққанын ойластырып қарастырамыз, - дейді[5]. Олай болса, мектеп жасына дейінгі бала мінез-құлқы мен оның өзін ортада қалыпты ұстауының бір көрінісі оның сөздік қарым-қатысқа түсе алуымен көренеді. Ол үшін отбасы ортасының көмегі қажет. Осы мақсатта «Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді. Сондықтан да бір - біріне көмектесіп отыратын біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады", - деп отбасында өзара көмек пен ынтымақ болғанда ғана ортақ мүддеге қол жеткізуге болатындығын және сол арқылы әрбір отбасы мүшесі өз мүддесіне, бақытына қол жеткізетіндігін түсіндіреді[6]. Ғұламаның бұл тұжырымынан мектепке дейінгі жастағы баланың тілін дамыту үшін оған отбасындағы әрбір адамның көмегі яғни онымен тілдік қарым-қатынас жасауға қатысып отыруы, сұрақтарына жауап қайтаруы, түсінбеген құбылыстар бойынша әңгімелеу мен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыруы, осылайша, олардың өз кезегінде сөйлеу дағдыларын біртіндеп дамуына үлес қосуын меңзейді. Яғни, мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесін отбасындағы барлық адамдар біріге отырып іске асыруы тиіс. Ойымызды тұжырымдай келе, отбасы тәрбиесі жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар мынадай қарым-қатынасты орнатып, жүйелі түрде жүргізіп отыруы керек:

- балалардың тілдік қорын дамытып, ой өрісі мен көзқарастарын дамыту үшін ата-аналары тарапынан ертегілерді, аңыз-әңгімелерді жүйелі түрде оқып, бірге талқылап отыруы тиіс. Ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен тұлғалық мінез-құлқы туралы сипаттап, оның бүгінгі қоғамдағы

жағымды немесе жағымсыз сипаттарын түсіндіріп, баланың жақсы сапаларға ұмтылысын қалыптастыруға мән беру керек;

- телефон немесе теледидарға тәуелділіктің алдын алу мақсатында және мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық жетілуінің қалыпты дамуын қамтамасыз ету үшін белсенді іс-қимылдардан тұратын әрекет түрлерімен айналысу. Жүгірумен, сөйлеумен, қимыл-қозғалыспен байланысты болатын ойындар мен әрекеттерді отбасында ұйымдастырып отыру;

- мектеп жасына дейінгі балалардың ірі және майда моторикаларын дамыту мақсатында отбасында ермексазбен мүсіндер мен әртүрлі фигуралар жасату. Суреттер салу және оны бағалап, көтермелеп отыру арқылы өнерге деген ынтасын арттыру;

- балалардың дұрыс емес әрекеттерін түзеу мақсатында оларды кінәлап емес, ол әрекеттерді жаман балалар жасайтын болғандықтан оған оның лайықты еместігін түсіндіру. Балаларды тәрбиелеу әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдай білу;

- бір мезгіл теледидар көру де қажет. Әйтсе де, балалар қандай бағдарлама көріп жатқандығын таңдап беру және кеңес беру маңызды. Балалардың таңдаған бағдарламаларына оң баға беріп, қолдау көрсетіп отыру;

- Балалармен бос уақытты бірге өткізу және отбасылық ойындар ойнауды дәстүрге айналдыру;

- балалардың күн тәртібін дұрыс әрі пайдалы ұйымдастыру және оның орындалуын қадағалау. Мысалы, ерте жатқызу, уақытылы тамақтану және т.б. секілді.

Баланың болашағы оның жастай алған тәрбиесі мен қарым-қатынастағы әсеріне байланысты. Сондықтан, ата-аналар отбасы тәрбиесінде баланы өз заманына лайықты азамат етіп тәрбиелеуде қоғам сұраныстарын да ескеруі тиіс. Осы тұста М.Жұмабаев: «Ата-аналар балаларын дәл өзіндей етіп емес, өзінен де мықты етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, олардың заманы ата-аналардың заманына қарағанда анағұрлым күрделі әрі талапшаң болмақ» деген болатын. Олай болса, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі олардың азамат болып жетілген кезеңіндегі болмысының өзегі әрі негізі болатынын ұмытпағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сухомлинский В.А. Сухомлинский А.В. Балаға жүрек жылуы. Шығармалар толық жинағы. –Алматы, 1987.- 476 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана - тілі, 1992. - 160 б.
3. Сухомлинский В.А. Шығармалар жинағы. -М.: Педагогика, 1984. -353 с.
4. Атемова Қ.Т. Отбасындағы баланың іс - әрекетін ұйымдастырудың жолдары. - Алматы, 2002. - 58 б.
5. Атемова К.Т. Әл-Фараби трактаттарындағы отбасы тәрбиесі мәселелері. //Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ - нің Хабаршысы ғылыми журналы. - Астана, 2005. –№3 (43). –Б.24-30.
6. Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында. Философиялық - әлеуметтік трактатында. - Алматы: Ғылым, 1975. - 305 б.

БАЛАЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ДАМУ ТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Асылбекова Маризия Пазылқызы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

Ермаш Ұлболсын Мұратбекқызы

6В012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту БББ

4-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Әсіресе, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кезеңінде байланыстырып сөйлеуді дамыту – баланың ойлау қабілеті, тіл байлығы мен әлеуметтік қарым-қатынасы үшін маңызды рөл атқарады. ҚР мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Коммуникативтік дағдыларды дамыту